**І апта (28 ақпан - 4 наурыз, 2022 жыл)**
**№9 «Балдырған» кіші топ**

**Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»**
**Апталық тақырып: "Анамды мен сүйемін"**
**Мақсаты:** Балаларды 8 -наурыз Халықаралық аналар мерекесі туралы түсінік беріп және мерекелік көңіл күй сыйлау.Театр әлемі, ертегілер еліне саяхат жасау арқылы балалардың сахналық қойылымға деген қызығушылықтарын арттырып, ертегі түрлерімен таныстыру.
**Міндеттері:**
-ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 28.02.2022** | **Сейсенбі 01.03.2022** | **Сәрсенбі 02.03.2022** | **Бейсенбі 03.03.2022** | **Жұма 04.03.2022** | **Сенбі 05.03.2022 Дүйсенбі (07.03.2022)** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалармен амандасу. Балалардың дене қызуын өлшеп, тазалықтары мен денсаулықтарын тексеру. Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау, әңгімелесу. Табиғат бұрышында әңгімелесу. Балалармен күнделікті таңертеңгі жұмыстар жүргізу. | | | | | |
| **Ата – аналармен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен амандасу. Кеңес беру. | | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | **Өлең жолдарын айтқызу.** Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші апайлар, Досы барлық баланың. | **Саусақ ойыны:** "Кірпі" жаттығуы. Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарай | **Қимылдық ойын:** "Гүлдер мен көбелектер". Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу. | **Дидактикалық ойын:** "Ғажайып сағат". Мақсаты: жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы іс-әрекеттер жасауға үйрету. | **Саусақ ойыны:** "Достық жаттығуы. Біздің топта қыздар мен ұлдар өзара дос.(екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) 1,2,3,4,5. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) | **Қимылдық ойын:** Күн шұғыласы (сәулесі). Бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де: Қабырғаға елбеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Ымдасаң болды «кел» деп, Жетеді демде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ма? | | | | жүгіріп.<br>Сәл үзіліс жасайды да: «Сәулені ұстаңдар» деген сигнал береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңертеңгілік жаттығу кешені<br>"Доппен"** | | | | | |
| **Таңғы ас** | Дұрыс отырып , сөйлемей ұқыпты тамақтануға үйрету.Тамақты төкпей-шашпай,ұқыпты ішуге,тамақтанып болған соң, алғыс айтуға үйрету. | | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне дайындық** | **Дидактикалық ойын:<br>"Бұл кім?"<br>Мақсаты:**Балалардың өз жанұя мүшелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету. | **Дидактикалық ойын:<br>"Тазалыққа не қажет?"<br>Мақсаты:**<br>Балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру. | **Қимылды ойын:<br>"Дыбыс қай жерден шығады?"<br>Мақсаты:**<br>Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті бағдарлауға үйрету. | **Дидактикалық ойын:<br>"Затты ал"<br>Мақсаты:**<br>Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. | **Дидактикалық ойын:<br>"Адамдардың киімдерін бақылау"<br>Мақсаты:**<br>Балалардың назарын адамдардың киімдеріне аудару, сөйлеулерін дамыту. | **Дидактикалық ойын:<br>"Тапсырманы орында".<br>Мақсаты:** үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ** | **"Таным"<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Әжемді құттықтаймын»<br>Мақсаты:**<br>Балаларға көктем мезгіліндегі алғашқы сегізінші наурыз | **"Денсаулық"<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:<br>«Анамызға қонаққа барамыз»<br>Мақсаты:**Балаларды «Аналар күні » мерекесімен және ананы құрметтеуге | **"Қатынас"<br>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>«Анамызға не сыйлаймыз?»<br>Ақұштап Бақтыгереева<br>Мақсаты:**<br>Балаларға 8-Наурыз аналар | **"Денсаулық"<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:<br>«Әжемізбен барамыз»<br>Мақсаты:** Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап | **"Денсаулық"<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Ана және мен»<br>Мақсаты:**<br>Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту.Баланың кеуде тұсынан к ерілген | **"Таным"<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы:<br>«Театр әлеміне саяхат»<br>Мақсаты:**<br>Балаларға театр туралы түсінік бере отырып, олардың |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мерекесімен таныстыру, аналарды қадірлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу. **"Шығармашылық"** **Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Анама арнап құймақ пісіремін»** **Мақсаты:** Балаларды қамырмен жұмыс жасауға үйрету. Балалардың ой-өрісін арттыру мақсатында ермексаздың кішкене бөлігін алақанмен жабыстыру арқылы жалпақ пішін жасауды және саусақпен жәй ғана басуды үйрету. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. **Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер **Дидактикалық** | тәрбиелеу. «Анамызға қонаққа барамыз » Жүруден жүгіруге ауысу « Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу. **"Шығармашылық"** **Музыка** **Тақырыбы: «Мамамның мерекесі»** Н.Тілендиев **Мақсаты:** Музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, ән айту іскерліктерін дамыту. Ана туралы түсінік беру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу» | мерекесі туралы мағлұмат беру және мерекеге қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорды жаңа сөздермен толықтыру, сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық тұрғыдан сөйлемдерді дұрыс құруға үйрету, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу. **"Шығармашылық"** **Сурет салу** **Тақырыбы: «Сауыттағы гүлдер» (анаға сыйлық)** **Мақсаты:** Аналар мерекесі туралы әңгімелей отырып, дөңгелектермен, шеңбермен гүлдерді салу арқылы бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, дидактикалық | секіру. Тыныс алу бұлшық ет тыныс алу жаттығуларын дамыту. | арағашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру.Дене сапасын дамыту. **"Таным"** **Сенсорика** **Тақырыбы: «Сақинаны ал»** **Мақсаты:** Балаларға заттық – жабдықтық әрекетті қалыптастыру, таяқтың көмегімен түрлі – түсті заттарды өзіне қарай жылжыту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, мадақтау. **Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер **Дидактикалық ойын: "Тапсырма"** **Мақсаты**: баланы берілген тапсырманы | әртүрлілігі туралы мағлұмат беру, ертегі бұрышындағы кейіпкерлермен таныстыру арқылы балаларды ертегі еліне қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын молайту. Тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс-тұрысын талдауға. Оларға баға беруге өзінің көз-қарасын білдіруге үйрету. **Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, жұмбақтар шешу, дидактикалық ойын, сергіту сәті, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау. **Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер **Дидактикалық ойын: "Нені қайда қоямыз?"** **Мақсаты:** әр заттың өз орны бар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын: «Ойыншықтарды тап!»** Мақсаты: балаларды шапшандыққа үйрету. | | ойын, сергіту сәті, қорытындылау, сұрақ-жуап, мадақтау. **Қажетті құрал-жабдықтар:** тақырыпқа байланысты суреттер **Дидактикалық ойын: "Ғажайып қалта"** **Мақсаты:** сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету. | | мұқият тыңдап, орындауға үйрету. | екенін айтып түсіндіру. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету. | | | | | |
| **Серуен** | **1. Бақылау:** Ауа райын бақылау. **2. Еңбек:** Аула тазалаушы апайдың еңбегін бақылау. **3. Қимылдық ойын:** «Жел мен жапырақшалар». Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. **4. Жеке жұмыс:** Інжумен Қазақстан туралы әңгімелесу. **5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Аула ішін бақылау. **2. Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинату. **3. Қимылдық ойын:** «Автомобильдер мен торғайлар». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** Сезімнен түстерді сұрау. **5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Бұлттарды бақылау. **Ырым:** бұлттар төмен болса, жаңбыр жауады, күн суытады. **2. Еңбек:** Ересек балаларды бақылау. **3. Қимылдық ойын:** «Бұлтты суретте». Мақсаты: балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** Мағжанмен бұлт туралы әңгімелесу. **5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Күнді бақылау. **2. Еңбек:** Құстарды бақылап, оларға жем беру. **3. Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық». Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **4. Жеке жұмыс:** Адиядан өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу **5.Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:** Тұманды бақылау. **2. Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау. **3. Қимылыдқ ойын:** "Күн мен жаңбыр". Мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. **4. Жеке жұмыс:** Ернұрмен көктем туралы әңгімелесу. **5. Еркін ойындар.** | **1. Бақылау:**Көктем ерекшеліктерін бақылау. **2. Еңбек:** Ойын алаңындағы тастарды жинату. **3. Қимылдық ойын:** «Автомобильдер мен торғайлар». Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. **4. Жеке жұмыс:** Айбардан түстерді үш тілде сұрау. **5. Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | Өз беттерімен шешінулерін,киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау,үйрету. Қолдарын дұрыс ( көбіктенгенше сабындау) | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жууға үйрету, құрғатып сүртуге үйрету. | | | | | |
| **Түскі ас** | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі дұрыс отырып, тұру. Тамақты ұқыпты ішу, болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. Тамақтан кейін алғыс айтуды ұмытпауға дағдыландыру. | | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Ауыз қуыстарын шаю. Киімдерін ретімен шешу. Ертегі әуенін тыңдап, тәтті ұйқыға жату. | | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан кейін шеңберге тұрып сауықтыру жаттығуларын жасау. Беті қолдарын салқын сумен жуып, сергу. Киімін ретімен киюге үйрету. | | | | | |
| **Бесін ас** | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйрету. | | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | Балаларға **"Бауырсақ" фланелеграф** арқылы айтып беру. Ертегі арқылы тілдерін дамыту. | **Сюжеттік ойын: "Дәрігер". Мақсаты:** балаларды тазалыққа, еңбек сүйгіштікке үйрету. | Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды тарту. | **"Тұсау кесу" әнін** балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету. | **Сюжеттік ойын: "Отбасы". Мақсаты:** балаларға "Отан" туралы түсінік беру. Оларға Отанын сүюге тәрбиелеу. | **Дидактикалық ойын: "Себетке тигізу" Мақсаты:** допты лақтырған кезде дәл тигізуге үйрету. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Адиядан ертегіден түсінгенін сұрау | Ернұрдан түстерді сұрау. | Інжуден сөздерді 3 тілде айтып, үйрену. | Мағжанмен жеке жұмыс жүргізу. | Інжумен "Отан" тақырыбында әңгімелесу. | Аминадан қимыл-қозғалысты дамыту мақсатында ойын ойнау. |
| **Серуенге дайындық** | Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | | | |
| **Серуен** | **1.Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Гүл мен көбелектер».<br>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Ағаштарды бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Қояндар секіреді».<br>Мақсаты: балаларды бір орында, қос аяқпен секіруге үйрету.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Кешкі ауа райын бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық».<br>Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Көліктерді бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Өз орныңды тап».<br>Мақсаты: балалардыептілікке баулу.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Көктемгі өзгерістерді бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Үлкен шар».<br>Мақсаты: балаларды ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**3.Еркін ойындар** | **1.Бақылау:** Күннің көзін бақылау.<br>**2.Қимылдық ойын:** «Күн мен жаңбыр».<br>Мақсаты: балаларды жылдамдыққа үйрету.<br>**3.Еркін ойындар** |
| [illegible] | [illegible] | Ата-аналарға | Ата-аналарға | Ата-аналарға | Ата-аналарға | Демалыс күндеріне |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **қайтуы.** | балаларымен жиі сөйлесіп, әңгімелесіп отыруға кеңес айту. | балалардың тазалығына мұқият қарауларын айту. | балаларды жылы киіндіруді өтіну. | ұйықтар алдында ертегі оқуларын ескерту, кеңес беру. | балалардың дене формаларын сақтауларын айту. | сәттілік тілеу. |